

Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол жалпақ Қазақ даласы.
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...

2

БӘРЕКЕЛДІ!



«ТАҒДЫРДЫҢ
ЖОМАРТТЫҒЫ»

6

АЛЬПИНИАДА



«Alatau Aqparat»
биік шыңды
бағындырды

7

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 28 маусымдағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
433 680

II компонентпен
288 760

адам вакцина салдырды

БЕТПЕРДЕ КИҢІЗ:

- ✓ ҮЙДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕ
- ✓ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ
- ✓ ЖАБЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА

Бетперде қарым-қатынас
кезінде қолдануға тиіс.
Бетперде қарым-қатынас
кезінде қолдануға тиіс.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

САЙЫН САХАРАНЫҢ СӨЗ ЗЕРГЕРІ



Алматыда өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында әдебиетке келіп, күні бүгінге дейін үздіксіз еңбек етіп келе жатқан заманымыздың көрнекті қаламгері – ақын, прозашы, драматург Софы Қалыбекұлы Сматаевтың 80 жылдық мерейтойына орай шығармашылық кеш өтті.

Қазақ әдебиетінің классигі, жазушы Софы Сматаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған салтанатты шараға

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев қатысып, Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың қаламгерге жолдаған жылы құттықтау сөздерін оқыды. Онда мерейтой иесінің қазақ әдебиетін дамытуға қосқан үлесі атап өтілді.

(Жалғасы 4-бетте).

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

АЛМАТЫ РЕКОРД ОРНАТТЫ

Тек соңғы 24 сағат ішінде 11 мыңнан астам қала тұрғыны екпе алды



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Шаһарда екпе алудың тәуліктік көрсеткіші айтарлықтай өсті. Тек соңғы 24 сағат ішінде 11 мыңнан астам қала тұрғыны екпе алды. Олардың жалпы саны 433 000-нан асты. Медицина қызметкерлерінің айтуынша, соңғы күндері егу пункттеріне келушілердің дені – жастар.

– Бүгін таңертең 100-ге жуық адам егілді. Тұрғындар өте белсенді. Бұл пандемияны тек ұжымдық иммунитет қана жеңеді деп ойлаймын, – деді №30 қалалық емхананың бас медбикесі Гүлім Садақбаева.

Тұрғындар дәрігерлердің пікірімен келіседі. Алматылықтар вакциналау инфекцияның таралуын тоқтатуға және карантиндік шектеулерді алып тастауға көмектеседі деген ойда.

– Менің айналадағы барлық адамдар екпе алды, барлығы өздерін жақсы сезінеді, ешқандай жанама әсері жоқ және менің ойымша, адамдар карантиннен шаршады және бәріміз екпені неғұрлым тез алсақ, елдегі жағдай соғұрлым тезірек жақсарады, – деді қала тұрғыны Элен Койгельдина.

– Әрине, бұрынғы өмірге қайта оралғымыз келеді, яғни бетпердесіз жүргіміз келеді. Себебі, қазір ыстық. Бетперде кию де ыңғайсыздық туғызады. Бәрін жеңіп шығуға екпе ғана көмектеседі, – дейді қала тұрғыны Жанель Орашева.

(Топтама 5-бетте).

ҚЫСҚА-НҰСҚА

- Кеше Алматыда жеңіл атлетикадан Қазақстан чемпионаты басталды.
- Алматы қаласы коронавирустық инфекцияны жұқтыру бойынша қайта «қызыл аймаққа» кірді.
- 46 алматылық дельта-штамды жұқтырды.
- Қазақстанда 42 градусқа дейін ыстық болады деп күтілуде. Бұл Иран аумағынан жылы және құрғақ ауа массаларының шығуына байланысты.
- Қазақстандық боксшы Жәнібек Әлімханұлы АҚШ-тың бұрынғы әлем чемпионы Роб Брантты мерзімінен бұрын жеңді.



#QAZAQSTAN30 ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН ҮШІН МАҢЫЗЫ...



Берік МЕЙРАМУЛЫ,
«Робототехникалық жүйелер»
мамандығы бойынша PhD
докторанты:

— Мен үшін Тәуелсіздік — қарқынды даму, қорықпай қадам басу, ашық ой айту еркіндігі. Жарқын болашаққа сеніммен қарайтын, соған әрекет жасайтын жастардың мекені деп білемін. Осы еркін заманда әр таңым үшін, жасап жатқан мүмкіндіктерім үшін ризамын. Қалаған қалада тұру, қалаған білім нәрімен өзімді сусындату, сан алуан идеяларды жүзеге асыру, медицина, инфрақұрылым, заманауи технология, әлемнің түкпір-түкпіріне халқымыздың еркін кіріп-шығып жатқанына қуанамын. Ғылым жолындағы студенттерге төрағалық қызметте жұмыс жасап, университет атынан Қазақстан, әлем додаларында робототехника, IT саласы бойынша бақ сынап, жүлделі орындарға ие болып келдік. Осы жолда бірнеше шәкірт тәрбиеледік. Бұл, әрине, командалық жұмыстар еді. Қазіргі таңда да еліміздің туындысы ретінде роботтар ойлап табу үстіндеміз. Dyson Award сыйлығына қатысып көрдік. Үздік үштікке кіріп, қазақ елі үшін кішігірім болсын абыроймен іс жасап жатқаным өзімді мақтан етемін.



Бибігүл ҚИЛЫМХАН,
дәстүрлі әнші:

— Тәуелсіздік — ең басты құндылығымыз. Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толып отыр. Тәуелсіз ел болып қалыптасқанымыз үшін «мың өліп, мың тірілген» ата-бабамызға мың тағзым. Біз, яғни қазіргі ұрпақтар осындай Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан бақытты жандармыз. Тәуелсіздікпен қазақ өнері қатар дамыды. Ғасырлар бойы келе жатқан ұлттық нақыштағы әніміз, біліміз, аспаптарымыз сұранысқа ие бола бастады. Қазіргі таңда ешкімнен қысылмай-қымтырылмай, ұлттық әнімізді Еуропадан бастап, сонау Азияға дейін шырқап жүрген жайымыз бар. Даусымызға тамсанған шетелдіктер бізді көрген сәтте таңдай қағып, өнерімізге бастарын иеді. Бұның бәрі Тәуелсіздіктің бізге берген үлкен жетістігі деп ойлаймын.



Ернар ЖОЛДАСОВ,
эл-Фараби атындағы Қазақ
ұлттық университетінің
Механика кафедрасының
докторанты:

— Тәуелсіздікті қазақ халқына берілген ең үлкен бақыт, еркіндік деп түсінемін. Аллаға сансыз шүкіршілік, ата-бабаларымыз ұрпағы құл болмасын, ешкімге тәуелді болмасын деп, осы еркіндік үшін өз өмірлерін құрбан етті. Қазіргі таңда жастарымыз ғылым және білім саласында айтарлықтай жетістіктерге жетіп, шет елдің менмұндағы оқу орындарында білім алуда. Сондай-ақ, тың идеяларын әлемдік жарыстарда көрсетіп келе жатқан жайы бар. Тәуелсіздігіміздің арқасында мектеп қабырғасында еш ақысыз оқыдық. 11 жылдық білімнен кейін еліміздегі алдыңғы қатардағы білім беретін оқу орнына грантка түстім. Сол жерде робототехника мамандығын игеріп, әрі қарай ғылымға өз үлесімді қосудамын. Мүмкіндігі шектеулі жандарға әлемдегі ең арзан ақылды қолғап, одан бөлек браслет прототипін «TechnoRIM» командасымен жасап жалғастырамыз. Гуманоид тәріздес екі робот құрастырдық. Робототехника саласында көптеген жетістіктерге жетудеміз. Осы оқу ордасының қолдауымен әлеуметтік «Ai-Gerim» гуманоид роботын жасаудамыз.



Әлия ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
педиатр, терапевт:

— Еліміздің аяғына тік тұрып, өз алдына жеке ел болуы барша қазақ халқының баға жетпес байлығы болды. Өз басым Тәуелсіздікпен құрдас болғандықтан, елімізбен бірге өсіп келе жатқан жайым бар. Анашым мені туған сәтте тәуелсіз еркін елде дүниеге әкелгеніне қатты қуанған деседі. Сондықтан да болар, әкешім есімімді батыр апайымызға ұқсасын деген ниетпен Әлия деп қойған екен. Қазіргі таңда денсаулық саласында жұмыс істеп келе жатқандықтан, медицинаның өркендеп өсіп келе жатқанына, әсіресе жастардың білім жолында еселі еңбек етіп, халқымызға қолдан келген көмегін беріп келе жатқанына қуанамын. Бүгінде індетпен күресуде ғылыми ізденіп жүрген жайымыз бар. Неге десеңіз, қазіргінің жастарында мүмкіншілік көп, ақпараттар жетерлік. Сондықтан да бүгінгі күннің жастарын бақытты ұрпақ деп санаймын.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев 25 маусым күні Орталық коммуникациялар қызметі алаңында баспасөз мәслихатына қатысып, БАҚ өкілдерінің сан түрлі сұрақтарына жауап беріп, қаламыздың дамуы мен экономика, экология, бизнес, оқу-білім, медицина саласындағы өзекті мәселелер мен атқарылған істерге тоқталды, болашақ жоспарлармен бөлісті. Мегаполис басшысының атқарылған істер жөніндегі сөзін тыңдаған қала тұрғындары өз ойларын ортаға салды.

Аягүл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:

ХАЛЫҚТЫҢ ТАЗАЛЫҚҚА ДЕГЕН МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУЫМЫЗ КЕРЕК



Қазір қалада балаларға арналған дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынып жатыр.

Алматы жыл сайын көркейіп келеді. Қай мектептің жақсы екенін ата-ананың сол мектепке балаларын беруге тырысатынынан-ақ білуге болады. Ешқандай мектеп әкімшілігі «біздің білім ордасына келіңіз» деп шақырмайды. Сол секілді, Алматының кереметтігі соншалық, барша халық мегаполистің айналасында тұрғысы келеді. Шаһарда халық жыл сайын көбейіп жатыр. Қанша жағдай жасағанмен, әрине аудандар қосылған сайын, халық саны артқан сайын жұмыс аяқталмайды. Қала әрі қарай дами береді. Қазірдің өзінде халыққа барынша жақсы жағдай жасалуда.

Сондықтан жұртшылық та жасалған дүниенің құнын білуі керек. Қаланың дамуына өздерінің үлесін қосуы тиіс. Экологиялық жағынан, шаһарды таза ұстауға жанашырлықпен қарап, істелінген тірліктерге ықтиярлықпен, соның иесі ретінде өздері де қолынан келген көмектерін аямауы қажет. Кейбіреулер шет ел тап-таза, керемет деп жатады. Оны сол елдің Үкіметі емес, халықтың тазалыққа деген көзқарасы түзу болғандығынан жақсарып жатыр. Сондықтан біз де халықтың тазалыққа деген мәдениетін арттыруымыз керек.



Ахан БИЖАНОВ,
қалалық Ардагерлер
кеңесінің төрағасы:

ҚАРТТАР ҚУАНДЫ

Қала басшысының жасаған соңғы мәлімдемесіне сүйенсек, қалалықтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын басты назарға алуы халыққа одан әрі сенімділік беріп, жігерлендіре түсті. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың әрдайым халық үніне құлақ асып, үнемі өзі барып аудандарды аралап, тұрғындардың талап-тілегін жерде қалдырмайтыны қуантады. Апта сайын әр сала бойынша тоқталып, қолға алынып жатқан шаралармен бөлісіп, қала тұрғындарының сауалына жауап беріп жүргенін біріміз көріп жүрміз.

Пандемиялық ахуалға қарамастан, Алматының күн санап дамып келе жатқаны — үлкен жетістік. Мысалы, күні кеше қаланың бел ортасында ашылған әлеуметтік үй тұрғындар мәселесін шешуге арналған өте тиімді орталық болғалы тұр. Әсіресе, егде жастағы адамдар үшін қуаныш. Өйткені, әлеуметтік үйде 700-ге жуық қызмет көрсетіледі. Зейнетақы, коммуналдық төлем, ХҚКО-ның жұмыстарына қатысты барлық шаруаны бір жерден шешіп кете алады. Осыдан-ақ шаһар басшылығының халықтың жағдайын жақсартуға барынша көңіл бөліп жатқанын көруге болады.

Кенжехан МАТЫЖАНОВ,
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының директоры:

ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ЛОКОМОТИВІ



Алматы қаласы — алып мегаполис және бүкіл ел экономикасының локомотиві саналады. Қаланың алдына қойған мақсаты қаланың орталығы үшін ғана емес, бүкіл шаһар үшін де өзекті екенін мойындаймыз. Қала орталығы мен қала маңындағы өңірлер де тығыз байланысты. Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша Алматы агломерациясының 4 пилоттық жобасын іске асыру басталғанын жеткізді.

Қателеспесем, оларға экологиялық жағдайды жақсарту, көлік жүйесін дамыту және көлік моделін әзірлеу, төтенше жағдай тәуекелдерін азайту, шағын және орта бизнесті дамыту кіреді. Бұларды қай жағынан алып қарасаныз да, әрқайсысының өз маңыздылығы бар әрі оның бәрі қаланы дамыту үшін керек.

Дәл қазір коронавирус кезеңінің барлық қиындығына қарамастан, қалада тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайдың қамтамасыз етілуі маңызды. Бұл туралы қала әкімі нақты айтып өтті. Әлеуметтік саясат, ең алдымен, халықтың осал топтарын қолдауға бағытталған. Сондай-ақ, ол қала билігі қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға бел бұғанын алға тартты. Әрине, бұл ретте қала тұрғындарының пікірі ескеріледі. Өйткені, Алматы кәрі мен жастың есінде әртүрлі сақталған. Үлкен кісілер үшін шаһардың өткені құнды.

Білім саласына енгізілетін өзгерістер де қуантты. Қаламызда халықаралық дәрежедегі оқу орындарын ашамыз дегені де жақсы жаңалық. Себебі, жастарымыз сапалы білім іздеп шет ел аспайтын болды. Айналып келгенде, мұның барлығы қала тұрғындарының әл-ауқатының артып, ұлттық мәдениетінің марқаюына түп-тиянақ болады деп сенеміз.



Құралай КӘРІБАЕВА,
Экология және орнықты даму
институтының директоры:

МӘСКЕУДІҢ ТӘЖІРИБЕСІН НЕГЕ ҚОЛДАНБАСҚА?

Қала басшысы Бақытжан Сағынтаев елордада журналистермен кездесуінде Алматының экологиялық жағдайын көтеруге қатысты ойларымен бөлісті. Бұл ретте экологиялық жағдайды 2025 жылға дейін жақсарту жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспары әзірленгенін жеткізді. Бұл — қуантарлық жағдай. Мегаполис үшін ең бірінші әрі аса маңызды қадамдардың бірі — жылу қуат орталығын газға көшіру. Оның құрылыс-монтаж жұмыстары 2022 жылы басталып, 2025 жылы аяқталады деп күтілуде. Жылу орталықтарын газға ауыстыру — кезек күттірмейтін мәселе.

Сондай-ақ, көліктен шығатын зиянды газ, бензопирен ауаны айтарлықтай ластап, адам денсаулығына орасан зор қатер төндіреді. Сондықтан бұл мәселені Мәскеудегі секілді шешкеніміз дұрыс. Мәселен, онда сырттан келетін көліктер қалаға кіргізілмейді. Өзге облыстан келген халық темір тұлпарларын қала шетіндегі автотұраққа қойып, өздері метромен, автобустармен жүреді. Қазір бізде де метро салынып, созылып жатыр. Неге осы тәжірибені қолға алмасқа? Қаланың шетіне көлігінді қойып, баратын жеріңе экологиялық таза автобустармен, метромен тез жетуіңе болады. Халық әрі жанармай үнемдеп, қаланың ластануына жол бермейді. Болашақта бұл мәселе де шешімін табатынына сенемін.



АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

ҚОЛДАУ ДА ЖЕТКІЛІКТІ, МҮМКІНДІКТЕР ДЕ КӨП



Қазыбек ШАЙХ,
Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫ ДАМУЫМЫЗ КЕРЕК



Қала тұрғындарының әл-ауқаты, әлеуметтік жағдайы күн санап жақсарып келеді. Осы орайда көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмектердің маңызы өте зор. Шаһар басшысы біздің де, тұрғындардың да пікірімен санасып отыр. Жалпы, тұрғындардың жағдайын тұрақты ету үшін экономикалық қауымдастықтарды дамытуымыз керек. Тек қала билігі емес, тұрғындардың тарапынан да талпыныстар болса, біздің алар асуымыз көп. 2 млн. халқы бар мегаполисті басқару оңай емес. Егер тұрғындардың бастамасына сәйкес, экономикалық қолдау көрсетілетін болса, көптеген әлеуметтік мәселелер оңай шешіледі. Өйткені, бір адамның мәселесі шешілсе, бір отбасының жағдайы тәуір деген сөз. Ал бір отбасы бақытты болса, ештеңенен тарықпай, материалдық жағдайы жақсы болса, еліміздің экономикасының да оң көрсеткіші болып табылады. Тұрғындар мүмкіндікті пайдалана білсе, жайлы өмір сүру үшін қолдау да, көмек те жеткілікті. Қала басшылығы да осы екі тараптың талап-тілегін ескере отырып әрекет етіп жатқаны мәлім.

Бекнұр КИСИКОВ,
жазушы, қалалық Қоғамдық кеңес мүшесі:

КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН



Шаһар басшысының барлық сөзі орынды. Десе де, осы тұста маған ерекше әсер еткені креативті индустрияға қатысты айтақ ойы. «Креативті индустрия» термині әртүрлі салалармен байланысты: экономикалық саладан әлеуметтік мәдени салаларға дейін оядамын. Ол шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында инновациялық технологиялардың елеулі орны: ойындарды әзірлеген кезде, бағдарламалық өнімдердің әр түрінде, виртуалды немесе толықтырылған шындық өнімдерінде, музыка, өнер, жарнама, сәулет, кинематография, анимация, дизайн және шығармашылық қызметпен тікелей немесе жанама түрде байланысты басқа да салалар.

Бүгінде, расымен қаламыз креативті тұрғыдан жақсы дамып келеді. Мәселен, «Алатау» креативті хабы» бар. Мұндай орталықтар, бастамалар, әсіресе қазіргі жағдайда кәсіпкерлерге үлкен көмек береді. Келешекте қалада креативті индустрия жақсы дамида деген ойдамын.

Франчайзинг қауымдастығының өкілі ретінде, қала аумағында кәсіпкерлерге жасалатын жағдайды дұрыс деп ойлаймын. Біздің елімізде бизнестің 90 пайызы дағдарысқа дейінгі кезеңге бейімделген. Яғни барлығы тұрақты табыстың болуына үйреніп қалған. Ал дағдарыс кезінде кәсіп жүргізудің әдісі өзгерді. Бұрынғыдай мол табыс түспегенімен, әуірімдеп өмір сүруге болады. Кәсіпкерлердің дені болашақта табыс табу үшін қызметін жалғастыра беруге ұмтылады. Ашығын айту керек, біздің кәсіпкерлер мұндай жағдайға әлі бейімделмеген. Десек те, осының өзі елімізде, шаһарда нарықтың қарқынды жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді. Бұл – жұмыс істегісі келмейтіндер кетеді, олардың орнын басқалар басады деген сөз. Шаһарда біршама бизнес түрлерінің қызметі тоқтайды. Есесіне, жаңа кәсіп түрлері мен кәсіпкерлер пайда болады. Ең мықты брендтер ғана өзін-өзі сақтап қалады. Алдағы уақытта нарықта демократиялық құндылықтарға бейімделген бизнес түрлері ғана дамиды. Кәсіпкерлер аз айналымнан көп пайда тауып үйренген. Ендігі жерде бизнесті дамытудың әлемдік үлгісімен жүруге тура келеді. Яғни айналым көп, пайда аз болады. Бұл – тұтынушылар үшін тиімді. Шаһарда пандемия кезінде кәсібі тұралап қалған кәсіпкерлерге жаңа жұмыс орындары ашылатыны айтылды. Мұның өзі қала басшысы тарапынан ұсынылған жақсы мүмкіндік.

Жасұлан БОСТАНДЫҚҰЛЫ,
«Алматы Студенттер Альянсы» ҚФ басшысы:



ДЕНСАУЛЫҚ МЫҚТЫ БОЛСА, АДАМИ КАПИТАЛ САПАСЫ ДА АРТАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Әбдірұлының тікелей эфирде халық алдына шығып, өзіндік есеп беруі, сонымен қатар халық көкейіндегі көптеген сұрақтарға жауап беру брифингін көрдік. Бұл, негізінен, Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы негізінде жүзеге асырылды. Кеше бір ашық диалог алаңы болды. Елдің көкейінде жүрген сұрақтардың біршамасы қойылды. Бұл брифингті тікелей эфирде әлеуметтік желі арқылы бақыладым. Айтылғандардың ішінде, Алматы қаласы әкімдігі тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмекке тоқталғым кеп тұр. Бізде қалада жасалып жатқан әлеуметтік көмектің барлығы тікелей халықтың сұранысына, мұң-мұқтажына бағытталған. Оның ішінде, атап өтетін болсақ, тұрғындарға «үй сертификаттарын» табыстау «Бақытты отбасы» бағдарламасы негізінде халықтың осал топтарына, атап айтар болсақ, көпбалалы отбасы, мүгедек жандар, жетім балаларға қайтарымсыз негізде 1 млн. теңге жарна беруі – бұл үлкен кезек күттірмес мәселе. Себебі, бүгінде баспана кез келген Қазақстан азаматының өзекті мәселесінің бірі. Оған бастапқы жарна құю, ақша жинау деген сынды дүниелердің барлығы қиындық тудырады. Ал осы тұсты әкімдік тарапынан беріліп отырған 1 млн. теңге халыққа өз кезегінде үлкен мүмкіндік беріп отыр.

Брифингте қарастырылған тағы бір мәселе – жедел жәрдем қызметкерлерін қолдау. Қазір әлемдік ахуал – пандемия жағдайы біздің дәрігерлердің қаншалықты маңызды адам екенін көрсетті. Бұл уақытқа дейін де дәрігерлерге баса көңіл бөлініп келді, ал мына пандемия жағдайында біз дәрігерлерді одан сайын құрметтей түстік. Бұл кісілерге әртүрлі үстемақы мен марапаттау деген сынды дүниелердің барлығы – бұл дәрігерлер үшін қуантарлық жағдай. Себебі, өздерінің маңызды тұлға екенін сезіну арқылы өз жұмыстарын одан әрі құлшына істейді. Көрсетіліп жатқан көмектер дәрігер статусының көтерілуіне септігін тигізеді. Бізде адами капитал сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі – бұл денсаулық сақтау саласы болып табылады. Яғни адами капитал сапасы адамның денсаулығы жақсы болған жағдайда өседі. Осы тұрғыда әкімдік тарапынан көрсетіліп жатқан көмектер дәрігерлерді ынталандырады деп ойлаймын.

Алмас САҒЫНҰЛЫ,
Mars Pro жобасының үйлестірушісі:



ЖАСТАРҒА ДА, ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ДЕ ҚАМҚОРЛЫҚ БАР

Коронавирустық дағдарыстың көрсеткен басты сабағы – біз дәрігерлер мен Жедел жәрдем қызметкерлерінің жауапты жұмысына мұқтажбыз, солардың арқасында бұл індетті жеңетінімізге сенемін. Күн демей, түн демей жұмыстарын атқарып жатыр, мың алғыс. Сондықтан да Алматы қаласы әкімінің тарапынан дәрігерлерге көрсетіліп жатқан әлеуметтік көмек – өте дұрыс және қажетті шешім. Пандемияға байланысты дәрігерлермен бірге «қатардағы жауынгер» болып жүргендер, әрине – волонтерлар. Еліміздің жастары бүкіл жауапкершілікті түсініп, қорықпай, күреске атсалысқандары мақтанарлық жағдай. Сондықтан да волонтерлар мемлекет олармен бірге екенін сезінсе, олардың қатары үлкеймек, демек, ел үшін қызмет ететін адам саны да артады. Мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев әлеуметтік көмек тұрғысында айтып өткендей, үй сертификаттарын табыстау Алматыда ерекше қарқын алып келеді. Бүкіл жастардың проблемасы – қоныс. Екі-үш жұмыста істеп, несие алып жүргендіктен, табысы көбірек жұмыс іздейді. Сондықтан «Алматы жастары» баспана бағдарламасы жастар үшін өте үлкен көмек. Үйің болса, алаңсыз өз мамандығына 100 пайыз беріліп еңбек етесің.

Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ, Серік ЖҰМАБАЕВ,
Айым НҰРМАН, Айжан БҮРКІТБАЕВА.



Марапаттың да маңызы бар

Қазір әр саланың, әр кәсіптің өз мерекесі бар. Жақында ғана Мемлекеттік қызметкерлер күні атап өтілді. Кеше біздің төл мерекеміз, яғни 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күні тойланды. Осындай атаулы датаны мерекелеу қаншалықты маңызды деген сұрақ туындайды.



Рахман А.ЛШАНОВ,
қоғам қайраткері:

Оның өзі – стимул

Кәсіби мерекелер қазір көптеген әлем елдеріне тойланып келеді. Бұл мереке арқылы әр салада болып жатқан өзгерістер мен алда қандай мәселеге көңіл бөлу керектігін бағамдауға болады. Заман дамыған сайын қазір күнде жана мамандық пайда болуда. Кейбір мамандықтарға грант бөлінсе де, талапкерлер ондай мамандық бар екенін білмегендіктен, мүмкіндікті көре бермейді. Бәрі білетін, қалыптасқан және жана мамандықтар туралы айтып, насихаттаудың бірден-бір жолы – осы сала иелерінің атаулы мерекелері. Мысалы, кеше полицейлер, мемлекеттік қызметкерлер күндерін атап өттік. Сол салада жетістікке жеткен мамандар марапатталып, елеулі еңбегі сіңген қызметкерлер баспаналы болды. Халық мүддесі үшін қызмет етіп жүргендерге тек жұмыс емес, мереке де қажет. Бұл жерде асыра сілтеп тойлауды емес, қызметкерлердің беделін көтеріп, жетістіктерін көпшілікке үлгі етуді басты назарға қою керек. Халық қаһарманы атағын алмаса да, марапаттың өзі үлкен моральдық стимул болатыны жасырын емес.



Жамал ШӘУКЕН,
журналист:

Жүгі ауыр

Сырттан қарағанда сықырып киініп, қолына құжат ұстаған қызметкердің жұмысы жеңіл көрінуі мүмкін. Жұмыстың жай-жапсарынан хабары жоқ қарапайым халық оны сезіне бермейді. Негізінде мемлекеттік қызмет ауыр, кейде белгілі бір уақытқа сыймайды. Оның қиындығын тек осы салада жұмыс істеп көрген адам ғана түсінеді. Сондықтан да болар, мемлекеттік қызметте істейтіндердің жалақысына көңіл бөліп, әртүрлі әлеуметтік қолдауларды жолға қойған. Баспана алу үшін де мемлекеттік қызметте болуды талап ететін бағдарламалар бар. Әр саланың күнін атап өту, сол сала қызметкерлерінің марапаттау өте орынды. Сайып келгенде, бұл қызметкердің беделі мен имиджін көтеретін игі бастама болды. Мәселен, Журналистер күнінде жұмысымызды бағалап, елеулі ескеріп жатқанын көріп, әжептеуір еңсеміз көтеріліп қалады. Әр кәсіби мерекедегі марапаттар расымен де қызметкерді ынталандырады.



Дамир ЖҮНИСОВ,
мемлекеттік қызметкер:

Жан-жақты болу керек

Мен мемлекеттік қызметке алғаш келгенде қорқыныштан бұрын, жауапкершілікті көбірек сезіндім. Меніңше, мемлекеттік қызметкерге керек ең бірінші қасиет – жан-жақтылық. Бір мәселені шешпес бұрын, сол мәселені жан-жақты зерттеу керек. Мәселенің негізгі нүктесін тапқан жөн. Оны шешіп жатсаң, тағы басқа мәселе шығып, ойың бөлініп жатады. А нүктесінен В нүктесіне дейін сенде өзіндік көзқарас болмаса, бастаған ісіңнен еш нәтиже шықпайды. Одан кейін адам тани білу керек. Жұмысқа қабілетті адамды көре білуің қажет. Мысалы, басшылар бір тапсырма тапсырады, жанында сенімді, іскер, білімді адамдар болмаса, оны жүзеге асыру қиын. «Жалғыздың үні шықпас» деп бекер айтылмаған. Үшінші керек қасиет – түйсік. Түйсік бұл сені дұрыс бағытқа жетелейтін компас сияқты.

Сайып келгенде, барлық кәсіп иесі халық игілігі үшін еңбек етеді. Сол үдеден шыға білу – үлкен абырой.

Айым НҰРМАН.

«Ашу – дұшпан, ақыл – дос»

Адам баласының ең үлкен жауына не жататынын білесіз бе?

Әрине, ол – жанында жүрген адамдар емес, өзінің өрескел, жағымсыз қылықтары және содан көп зардап шегетініміз де жасырын емес.

Мысалы, ең үлкен дұшпанымыз – ашу. Шынымен де кейде болмашы сөзге, іс-қимылға бұлқан-талқан боп шытынап шыға келетініміз бар. Тіпті, біреуге ара-арасында әзілдеуге де қорқып, ши шығып кете ме деп тартынып тұратын болдық. Ашуға жол беріп, ырыққа көнбейтін жастар да көбейіп барады. Ашу қылыш секілді, киіп түседі. Сондықтан өз ашуымызды сабырға, ақылға жеңдірейік, яғни дана Абай атамыз айтқандай, «Ашу – дұшпан, ақыл – дос».

Асыл дініміз – Исламның өзі ғибратқа толы. Шаріғат

шарттарын сақтаған адам ашуды жеңіп, сабырға қол жеткізеді. Ашушан болу – қызбалық пен сабырсыздықтан. Осы мінез адамның өзіне және өзгелерге зиянын тигізеді. Ертеде ата-бабаларымыздың «Күлімсіреп жүр, ашуланба!» деген өсиетіне бүгінгі қоғам аса зәру ме деп қаламыз кей-кейде.

Екінші қателігіміз – ақымақтық. Мысалы, жағымсыз, бейәдеп сөздер, бос әңгімелердің көп айтылуы, қоғамға зиянын тигізетін жаман әрекеттер, шылым шегу, арақ-шарапқа құмар болу, қазіргі жастардың шет елдерге еліктеуі қазақ халқының болмысын жоғалтуына бір себеп.

Үшінші қас жауымыз – жалқаулық. Ол біздің өсуімізге, арманымызға жетуге, жалпы өмір сүруімізге кедергі екені хақ.

Арайлым РЫСКҮЛ.

САЙЫН САХАРАНЫҢ СӨЗ ЗЕРТЕРІ



Ақтолық
ТҮРЛІҒАЗЫ

Кеш «Мен жеңемін!» театрландырылған қойылымымен ашылды. Қойылымға С.Сматаевтың өзі және М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының әртістері қатысты. Шығармашылық кеш осы театрда өтті.

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев өз құттықтауында С.Сматаевтың қазақ әдебиеті классиктері мен сыншыларының шығармаларын зерттеу саласындағы еңбектерін ерекше атап өтті. Сондай-ақ, Софы Сматаевтың жазушылық өнерге жан-тәнімен берілген қаламгерлердің бірі екендігін, алдағы уақытта әкімдік барша қаламгер қауымына қолдау көрсетуді жалғастыратынын да атап айтты. Қала әкімі мерейтой иесі мен оның жақындарына мықты денсаулық, шығармашылық табыс және бақ-береке тіледі.

Қаланың дамуына қосқан үлесі үшін С.Сматаев Алматы қаласы әкімдігінің «Еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Алматы әкімдігі ұйымдастырған шығармашылық кеш С.Сматаев

Соңы. Басы 1-бетте.



таланты мен шығармашылығын ұлықтау болып табылады.

Шығармашылық кешке қатысқан Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, ақын Ұлықбек Есдәулет Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен сөз шеберлерінің 30 түрлі кітабы

жарық көргендігін, олардың жалпы таралымы 65 мың дана болғандығын, оның ішінде мерейтой иесі С.Сматаевтың 25 томдық шығармалар жинағы жарық көріп, қазіргі таңда кітаптардың барлығы дерлік қала кітапханаларын толтырғандығын айтып өтті.

Ағаш отырғызу да – бір ілім



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Әрбір отырғызылған ағаш игі істің бастамасы болары анық. Бір бұтағына құстар ұя салып, жемісін жесе, көленкесіне адамдар саялап, кәдесіне жатраса – оның өзі үлкен сауапты іс.

Осы тұрғыда Алматы қаласы әкімі Бақытжан Сағынтаевтың басшылығымен мегаполистегі көгалдандыру мен екпелерді күтіп-ұстаудың өзекті мәселелері талқыланып жатыр. Алматыда көктемгі екпелер кезеңінде 50 мыңнан астам түп ағаш отырғызылды. Алдағы уақытта Jasy! Almaty бағдарламасы аясында биыл күзгі маусыммен бірге тағы 15 мыңға жуық ағаш отырғызылады деп жоспарлануда. Сондай-ақ, жасыл қорды 290 мың ағашқа көбейту қолға алынған. Мы-

салы, қала әкімі Б.Сағынтаевтың көгалдандыру жұмыстарын бақылау барысында Алатау ауданының «Нұркент» және «Ақбұлақ» ықшамаудандары тұрғындарының жеткізген өтініштері бойынша Рыскулов даңғылындағы бөлу жолағы бойынша 650 қарағаш отырғызылған.

Ал Жетісу ауданына қарасты «Көкжиек» шағынауданында 8450 ағаш оның ішінде пирамидалық терек, күміс терек, Никитинский алма мен өрік ағаштары егілді. Отырғызылған өсімдіктердің 42 пайызы көпжылдық сорттар екен. Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасының басшысы Наталья Ливинская қаладағы жасыл желектерді отырғызу жалғасады дейді. Айтуынша, бұл көгалдандырулар «экологиялық марафон» жобасы аясында жүзеге асырылады.

Наталья Ливинская қалада көктемгі көшеттер отырғызу аяқтал-

ғанын хабарлады. Алдағы уақытта барлығы 350 мың түп ағаш отырғызылмақ. Өткен жылы 282 мың ағаш егілген. Н.Ливинскаяның айтуынша, барлық отырғызылған ағаштарды екі жыл бойы мердігерлік ұйымдар өздері суарады. Сондай-ақ, Жасыл экономика басқармасының басшысы қалада гүл отырғызу қайта басталатынын айтты.

– Біз біржылдық өсімдіктерді отырғызу тәжірибесінен бас тартып, көпжылдықтарға көшеміз. Биыл Есентай өзенінің жағалауын бойлай көпжылдық өсімдіктер отырғыздық. Оларды «жаңа толқын гүлдері» деп те атайды. Өйткені, олар маусымнан күзге дейін кезек-кезек гүлдейді. Біз жолдар мен тротуарлардың жиегіне де гүл отырғызбақпыз. Әзірге әл-Фараби мен Сейфуллин даңғылы бойын көгалдандырдық», – деді Наталья Ливинская.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

АЛМАТЫДАҒЫ ЭПИДАХУАЛ КҮРДЕЛІ



Динара
МҰРАТ

28 маусымда Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматының Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Жандарбек Бекшин маусым айында қалада коронавирус жұқтырудың 3800 жағдайы тіркелгенін хабарлады.

«Жыл басынан бері Алматыда КВИ-дің 55 101 жағдайы анықталды. Ал маусым айында 3889 жағдайы тіркелді. Өткен аптада коронавирус дерті 1,7 есе өсті. 742-ден 1237-ге дейін. Соңғы тәулікте КВИ-дің 215 жағдайы тіркелді», – деді Ж.Бекшин.

Оның айтуынша, Алматыдағы эпидемиологиялық жағдай контагиозды мутацияланған «дельта» штамының таралуына байланысты ұшығуда. Эпидемиологтердің айтуынша, ПТР орташа тәуліктік оң нәтижелері 114-тен 188-ге дейін өсті. Соңғы аптада симптомдары бар КВИ-мен ауыратындардың үлес салмағы 32%-дан 53%-ға дейін артты. Бұл COVID-19 «дельта» штамының тез тарайтынын көрсетті.

«Вирус жұқтырғандар санының күрт өсуіне байланысты біз мутацияланған штамдарға зерттеу жүргіздік. Нәтижесінде КВИ науқастарынан алынған 131 үлгінің 77-сі «альфа», британдық штамдар, 46 үлгіде «дельта», үнді штамдары анықталды. Сонымен қатар, екі «гамма», оңтүстік африка штамдары мен бір нью-йорк, «бетта» штамы тіркелді. Жалпы, эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуі «альфа» штамының таралуынан, ал аурудың артуы Нұр-Сұлтан қаласы мен Ресейден әкелінген «дельта» штамының салдарынан», – деді Жандарбек Бекшин.

Алматы қаласының бас санитар-дәрігері қабылданған шектеу шараларын міндетті түрде орындау қажеттігін айтты. Ж.Бекшиннің айтуынша, жалпы дертті жұқтырмаудың жалғыз жолы – вакцина алу мен санитарлық нормаларды сақтау. Жандарбек Бекшин атап өткендей, «Ashyq»-қа қосылған объектілерде бір айға жуық инфекция анықталған



жок. Естеріңізге сала кетейік, қаланың бас санитар-дәрігерінің соңғы қаулысына сәйкес, демалыс күндері «Ashyq» жүйесіне қосылғандарды қоспағанда, көптеген қоғамдық нысандардың жұмысы шектеледі.

Жандарбек Бекшин журналистердің сұрақтарына жауап бере отырып, қалалық билік неге «Ashyq» жүйесіне жұқтырған адамдарды қоғамдық орындарға жібермеу жолында толық сенімді екендерін атап өтті. Себебі, егер бұрын қалада «қызыл» және «сары» мәртебесі бар оқшаулауды сақтамайтын құқықбұзушылар бар деп болжауға болатын болса, қазір мұндай тәртіпбұзушылықтар ресми түрде тіркеліп отырады.

«10 маусымнан бастап біз карантиннен шығып, тәртіп бұзғандардың барлығын «Ashyq» деректері арқылы айыппұлға тарта бастадық. Өткен аптада біз 8 тәртіпбұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тарттық және бұл жұмыс жалғасуда. Оқшаулау режимін бұзу бойынша қоғамдық тамақтандыру көш бастап тұр. Кафелер мен мейрамханаларда 250 рет тәртіпбұзушылық анықталды. Әрі қарай, бұл антирейтингте бассейндер мен фитнес-клубтар, сондай-ақ кинотеатрлар көш бастап келеді. Біз бірінші кезекте осы нысандарға назар аударамыз», – деді Жандарбек Бекшин.

Бас санитар-дәрігер жұқтырған адамдарды қоғамдық орындарға жібермеу үшін жан-жақты жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өтті. Алдын алу шаралары 100%-ға қамтамасыз етілген. Соңғы 3-4 апта ішінде «Ashyq»-қа қосылған объектілерде инфекция тіркелмеген болып шықты.

ҚАЛА «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА»

Денсаулықты қорғаудың жалғыз жолы – вакцина алу



Алматыда коронавирус індетінің көбеюі инфекцияның ұшығуымен әрі жаңа «дельта» штамының тез таралуымен байланысты. Сондықтан қала тұрғындарының жұқтыруына жол бермеу үшін күшейтілген шаралар қабылданауда.

Өткен тәулікте Қазақстан аймағында эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес Алматы 5 күндік «сары аймақтан» «қызыл аймаққа» өтті. Қалада бір тәулік

ішінде 217 коронавируспен сырқаттану жағдайы анықталды. Мегаполисте мониторингтік топтардың белсенді жұмысы одан әрі жалғасуда, 2856 рейд жүргізілді, 26 938 нысан қамтылды, карантиндік шектеулерді бұзған 2410 (9%) нысан анықталды.

Сондай-ақ, Алматыдағы қоғамдық орындарда карантиндік шаралар күшейтілді. Саябақтарға, скверлерге, хайуанаттар бағына, қала базарларының кіреберісінде бетперде сату мен қауіпсіздік шаралары туралы дыбыстық хабарлау ұйымдастырылуда, санитарлық патрульдердің жұмысы күшейтілді.

Қаладағы эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мақсатында тұрғындарды вакциналау қарқыны да артты.

26 маусымда Алматыда 413 703 адам вакцина алды. Алдыңғы тәулік ішінде 10 725 адам вакциналанды. 60 жастан асқан вакциналанған адамдардың жалпы саны – 59 590.

Қаладағы медициналық ұйымдарда, мектептерде, мәдениет, спорт нысандарында, базар мен қаланың СОСО-да 208 вакцина пункттері жұмыс істейді (250-ге дейін ұлғайту мүмкіндігімен). 1256 адам жұмылдырылған 307 екпе бригадасы қызмет атқарады.

Бетперде режимін, әлеуметтік қашықтықты қамтитын карантиндік шараларды қатаң сақтау қажет, сондай-ақ көпшілік жиналатын орындарға бармаған жөн. Денсаулықты қорғаудың жалғыз жолы – вакцина алу.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

Жұқтыру көрсеткіші не дейді?



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің ақпараты бойынша, Алматы қаласындағы эпидемиологиялық жағдай жалпы республика бойынша мутацияланған штамдардың таралуына байланысты күрделенді.

Коронавирустық инфекция ауруы бойынша эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес 4 өңір «қызыл аймаққа» кірді. Олар Атырау, Қарағанды, Батыс Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы.

Алматы қаласы бойынша соңғы 5 тәулік ішінде 110 жағдайдан тәулігіне 217 жағдайға дейін өсті. Соңғы екі аптада бетперде мен қашықтық режимдердің сақталмауы, халықтың вакцинаға қарсылығы салдарынан R санының (жұқтыру көрсеткіші) 0,7-ден 1,197-ге дейін өсуі байқалды. Осы жағдайға байланысты, Алматы қаласының мемлекеттік бас санитар-дәрігерінің шектеу іс-шараларын күшейту туралы қаулысы дайындалды.

COVID-19 ауруының жоғарылауы, жаңа дельта штамының пайда болуы инфекцияның жоғары деңгейімен әрі тез таралуымен байланысты. 20 маусымнан бастап зерттеуге жеткізілген 133 сынамадың 125-інде вирус анықталды. Мысалы, 77 сынамада (62%) – британдық штамм, 45-інде (36%) үнді штамы. Бұл ретте 44 жағдайдың (соңғы үш тәулік ішінде) 2-еуінде оңтүстік африкалық, 1-еуінде нью-йорктік штамм.



Осыған байланысты қала тұрғындарына бетперде режимін, әлеуметтік қашықтықты қатаң сақтау, халық көп жиналатын орындар мен бұқаралық іс-шараларға барудан бас тарту, сондай-ақ COVID-19-ға қарсы вакцина алу қажеттілігі туралы тағы да ескертілді.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Мадияр ӘРКІМБАЙҰЛЫ,
Полиция бөлімі жедел кезекшінің
көмекшісі:



– Біздің жұмысымыз қоғамдық тәртіпті қадағалап, тұрғындармен күнделікті байланыс орнату болғандықтан, «Спутник V» вакцина-сының екі бірдей дозасын алып үлгердім. Еш жерім ауырмады, керісінше өзімді жақсы сезініп, екпе алысымен-ақ жұмысқа шығып кеттім. Үйде кішкентай ханшайымымыз, қарт анамыз бар, сол себептен жұбайым екеуіміз екпені қатар алдық. Тіпті, жұмыс орнымыздағы адамдардың 80%-ға жуығы вирустан қорғайтын екпенің екі дозасын алды. Өйткені, біз тек өзіміздің ғана емес, қарапайым халықтың, жақындарымыздың денсаулығына жауаптымыз. Менің ойымша, әрбіріміз денсаулығымызды қорғап, бәріне жауапкершілікпен қарап, індетті бірауыздан ауыздықтайтын болсақ, беймарал өмірімізге ертерек оралып, алыстағы жекжаттармен бұрынғыдай арқа-жарқа болып қауышар едік.

Гүлдана НҰРСАПА,
студент:



– Осыдан тура бір ай бұрын екпенің бірінші дозасын алдым. Жас болғандықтан, кішкене қорықтым. Себебі, өзімнің денсаулығымның жақсы екендігіне, вирусты жұқтырмайтыныма сенімді болдым. Алайда, жақын араласатын құрбы-кұрдастарымның ауырып, емхананың табанын тоздырғанын көріп, індеттің адам талғамайтынына көзім жетті. Вирустан өзімді, ата-анамды, бауырларымды сақтау үшін күнделікті өмірде бетперде тағып, қолымызды тазалап жуып отырамын. Еліміздегі карантиндік талаптарға байланысты оқудың барлық түрі онлайн түрге ауысты. Бұл сайып келгенде, студенттер мен оқушылардың амандығы үшін керек болды. Бірақ бұрынғыдай дәстүрлі оқу болмағандықтан, білімді жеткілікті деңгейде алдық деп айта алмаймын. Меніңше, әр адам өз өмірінің қожайыны. Екпе алсақ, денсаулығымызды қорғағанымыз. Екпесіз жүру індетке қарсы күреске қарусыз шыққаның деп ойлаймын.

Әзірлеген А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Бетпердені шешуге әлі ерте

ДДҰ өкілдерінің пікірінше, жаһан жұртының 70%-ы вакцина салдыру қажет. Сонда ғана COVID-19 пандемиясын ауыздықтай алады екенбіз.

Алматыда КВИ ахуал әліде тұрақтала қойған жоқ. Халықтың біршамасы екпе қабылдауда. Бірқатары әлі де болса үрке қарауда. Жаппай вакцина алған кезде індеттің бетін қайтаратынымыз анық.

Психолог Сақыпжамал Сабырованың ойы да осыған саяды. «Қазір ғаламторда ФЕЙК ақпарат көп. Неше түрлі бейнеролик, жазбалардан көз сүрінеді. Оның бәрі кертартпа үгіт. Дәлірегі, адам жаны теріс дүниеге әуестеу келеді. Яғни бір нәрсені жақсы етуден гөрі оның екінші қырын айтсаңыз, елең етеді. Шартты рефлекс тез оянады. Сондықтан бүкіләлемдік коронавирустан құтылудың төте жолы біреу ғана. Ол – вакцина екенін түсінген абзал. Сонымен қатар, екпе қабылдадым екен деп, санитарлық режимді сақтамауға болмайды.

Психологияда ерте шаттану ұғымы бар. Сол себепті, бетпердені шешіп тастап жүрмеңіз. Өз саулығыңыз өз қолыңызда», – дейді маман. Бетперде сіз жұтатын ауаға – сүзгі. Нақтырақ айтқанда, оны да таза ұстау қажет. Ең негізгісі – барлық карантиндік талаптарды қатаң сақтау маңызды.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

«ТАҒДЫРДЫҢ ЖОМАРТТЫҒЫ»

Журналистика саласындағы Олжас Сүлейменов атындағы Халықаралық сыйлық иегерлері белгілі болды



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан Журналистер одағының кеңсесінде Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған баспасөз конференциясы өтті. Оған белгілі қоғам қайраткерлері Олжас Сүлейменов пен Мұрат Әуезов, Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев, Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаев қатысты.

Кездесу Олжас Омарұлының 85 жылдық мерейтойына арналған «Өз жерінің Елшісі» кітабының тұсаукесерінен басталды. Кітапты Қазақстан Журналистика Академиясының вице-президенті Валерий Жандәулетов таныстырды. Содан кейін журналистика саласындағы Олжас Сүлейменов атындағы Халықаралық сыйлыққа белгілі мәдениеттанушы Мұрат Әуезов және Қазақстан журналистикасының ардагері Тілеужан Есілбаев ие болды. Журналистер одағының

басшысы шығармашылық одақтың наградаларын жариялады.

Биыл Олжас Омарұлы басқарған «Невада-Семей» қоғамдық-саяси ұйымының құрылғанына 32 жыл толды. 29 тамыз Халықаралық ядролық қаруға қарсы күрес күні болып бекітіліп,

Қазақстанның толықтай ядролық қарудан бас тартқанына 30 жыл толды. Осыған орай журналистерге арнайы марапат табысталды. Марапатталған журналистердің бірі – «Alatau Akparat» ЖШС-нің Бас директоры Төлеміс Бактыбайұлы Құлмұхамедов.

Мұрат ӘУЕЗОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

Олжас Сүлейменов атындағы Халықаралық сыйлыққа ол кісінің өз қолынан ие болу мен үшін үлкен бедел, құрмет. Тек мен ғана емес, біздің буын өкілдерінің, жалпы қазақтың рухын көтеріп, мәртебесін биіктеткен Олжас Сүлейменовтің өлеңдері мен зерттеу еңбектері деп білемін. «Қолда барда алтынның қадірі» жоқ деген сөз бар. Олжас Сүлейменовтей азаматтың ел үшін сіңірген еңбегі көзі тірісінде елену керек. Олжастай азаматты қазаққа бұйыртқан ол – тағдырдың жомарттығы.

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Қазақстан Журналистика академиясының президенті:

– Бүгінгі Қазақстан Журналистер одағының және Қазақстан Журналистика академиясының сыйлықтарын табыстау журналистер күніне орай ұйымдастырылды. Журналистика академиясына биыл дәл осы күні 20 жыл. Белгілі «Алтын жұлдыз», «Алтын самұрық», «Аққу» атты марапаттарға қоса Олжас Омарұлының 85 жылдығына байланысты тағы да бір сыйлықты ұсынып отырмыз. Ол – публицистика саласындағы Олжас Сүлейменов атындағы Халықаралық сыйлық. Сыйлықтың ең алғашқы иегерлеріне оны Олжас Сүлейменовтің өзі табыс етті.

ОЙ МЕН ДАНАЛЫҚ ОЙЫНЫ



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Вечерний Almaty» газеті Қазақстан бойынша БАҚ арасындағы шахматтан өткен III Кубокта бірінші орынды иеленді.

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орайластырылған іс-шара Lichess.org ойын платформасында өтті. Жарысты Air Astana әуе компаниясы мен Қазақстан шахмат федерациясы бірігіп ұйымдастырды.



Тақта үстіндегі текетіресте «Вечерний Almaty» газетінің тілшісі Саяхат Боранбаев Қазақстан бойынша БАҚ арасындағы III Кубокта бірінші орынды жеңіп алды. Жеңімпазға Алматы – Дубай – Алматы бағыты бойынша 2 адамға эконом-класс билеттері табыс етілді.

Одан кейінгі орындарды ChessNews_Mulkubaev, DrOmar, bilimainasy_Yakhiya лақап аттарымен ойнаған ойыншылар иеленді. Бесінші орында «Alatau Akparat» медиахолдингінің тағы бір өкілі, «Вечерний Almaty» сайтының тілшісі Тулкин Тәшімов тұр.

Жалпы, ТОП-10-ға QazaQstan_Mukashev, aikyn_bekov, Almas_Kozhemzharov, Khabar_Begalimov және TengeMonitor_Kumar лақап аттарымен ойыншылар кірді.

Екінші орын алған 2 жеңімпазға Алматы – Тбилиси – Алматы бағыты бойынша эконом-класс билеттері табыс етілді.

Ал үшінші орын иеленгендер – Алматы – Нұр-Сұлтан – Алматы бағыты бойынша 2 адамға эконом-класс билеттеріне ие болды.

Әйелдер арасындағы үздік нәтиже көрсеткен жеңімпазға бизнес-классқа арналған плед сыйлыққа берілді.

Ең әдемі партия үшін ұшақ моделі сыйға ұсынылды.

Әріптестерімізді жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз!





ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«АЛАТАҰ АҚРАРАТ» БИІК ШЫҢДЫ БАҒЫНДЫРДЫ

«Almaty Aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері
Журналистер күнін 3600 метрлік биіктікте атап өтті



Айнұр
СЕНБАЙ

Күні кеше еліміздегі барша БАҚ өкілдері кәсіби мерекелерін атап өтті. Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде өзіндік орны бөлек, салмақты ұжымдардың бірі – «Alatau Aqparat» ЖШС. Ынтымағы берік, бірлігі жарасқан ұжым кәсіби мерекені Алатаудың ұшар басында, табиғаттың аясында атап өтті.

Шымбұлақтың шыңындағы «Тұйық су» демалыс орнында «Alatau Aqparat» ЖШС-не қарасты «Вечерний Almaty», «Almaty aqshamy» газеттерінің қызметкерлері бас қосты. 1938 жылы құрылған «Тұйық су» лагері альпинистер үшін тарихи орын. Мұнда қаза болған альпинистерге арнап құрмет тақталары қойылған.

Жаналықтың жаршысы, қоғамның қонырауындай журналистер қауымына осынау кәсіби мерекеде үлкен құрмет көрсетіліп, түрлі марапаттар берілді.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов ұжымның алар асуы әлі алда екенін, талай жеңістер мен жетістіктерге жетуге деген құлшыныстың күшті екенін айтып, барша қызметкерлерге шығармашылық табыс тіледі.

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің мерекелік шарасына Қазақстан Журналистер одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаев, Қазақстан Республикасы Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев арнайы келіп, журналистерге марапаттар мен дипломдарын тапсырды. Осындай кәсіби мереке кезінде уақыттарының тығыздығына қарамастан арнайы келген қонақтарға «Alatau Aqparat» ЖШС-нің Бас директоры Төлеміс Бактыбайұлы Күлмұхамедов алғысын білдірді.

Қазақстан Республикасы Журналистер академиясының дипломын «Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы Евгений Грюнберг, «Almaty aqshamy» газетінің жауапты хатшысы Роза Қараева, «Вечерний Almaty» газетінің жауапты хатшысы Әбдіжамал Сапарқұлов және тілші Нәлія Сулейменова, фототілші Қайрат Қонысбаев, беттеушілер Ербол Қожабаев пен Айша Абуова иеленді. Қазақстан Журналистер одағының Құрмет грамотасы «Almaty aqshamy» газетінің Бас редакторы Төрехан Даниярға, редакциялар жетекшісі Абдухалил Джалиловқа және қос газеттің тілшілері мен қызметкерлері Рая Ескендірге, Құралай Жұмаділге, Серік Жұмабаевқа, Василий Шупейкинге, Акерке Мырзағалиға, Елена Соколоваға бұйырды. Редакцияның барлық тілшілерін «Alatau Aqparat» медиахолдингі арнайы грамоталармен марапаттады.

«Alatau Aqparat» газетінің Бас редакторы Төрехан Данияр, «Вечерний Almaty» газетінің Бас редакторы Евгений Грюнберг те тілшілерді, жалпы редакция қызметкерлерін мерекемен құттықтап, жылы лебздерін білдірді.

«Ашық аспан астындағы, табиғат аясындағы, таудың бауырындағы әдемі демалыс шығармашылық жандардың шабытын шындап, ұжымды бір-біріне жақындатырып, ынтымағымызды арттыра түседі», – дейді бас редакторлар.

«Almaty aqshamy» газетінің ұжымы еліміздегі барша БАҚ өкілдерін кәсіби мерекелерімен құттықтайды. Қаламын қару еткен әріптестеріміздің шабыты толқындай тасып, еңбектері еленіп, табыстарға жете беруіне тілектеспіз!





ТҮРКСІБ АУДАНЫ

«Желтоқсан» саябағы қараусыз қалды

Өткен жылы Алматы қаласының Түрксіб ауданында зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Желтоқсан» саябағы салтанатты түрде ашылған болатын. «Жас қанат» және «Маяк» ықшамаудандарының аумағынан орын тепкен «Желтоқсан» саябағы 100 гектар жерді алып жатыр. Алайда, бұл алып бақ бүгінде қараусыз қалып, аянышты күйге түсіп отыр.

Негізі, бұрын бұл аумақ қараусыз қалып, қоқысқа толған жер болатын. Өткен жылы қала әкімдігінің тапсырмасымен саябақты одан әрі дамыту қолға алынды. Саябақтың ашылу салтанатында Желтоқсан көтерілісіне қатысушылар мен зиялы қауым өкілдері бұл жерге қылқан жапырақты ағаштарды — қарағай, көк шырша және Тянь-Шань шыршаларын отырғызды.

Бірақ демалыс орнының ашыл-



ғанына 1 жылға жетпей жатып, ішін адам бойымен бірдей арамшөп

басып кеткен. Демек, қала әкімдігі қыруар қаражат бөліп саябақты ашқанымен, аудан әкімдігі оның күтіміне көңіл бөлмеген тәрізді. Онда отыратын орындықтар тіптен аз, қойылған биодәретхананың ішіне кіру мүмкін емес. Дәретхана жағдайы сын көтермейді. Лас әрі ішіндегі

ірікнділер уақытылы шығарылмайды. 100 гектар жерді алып жатқан алып саябақтан небәрі бір ғана биодәретхана көрдік. Саябақта қыдырушылар жүгіріп жүр, қайда барарын білмейді. Үлгергені дәретханаға, не болмаса, талдың арасына барады.

Оған қоса, саябақ аумағында арнайы қоқыс салатын жәшіктер де көп емес. Келушілер ішкен-жегенін отырған жерлеріне тастап кетіп жатады.

«Саябақтың іші өте кір. Шөп қаулап өсіп кеткен. Балалар бір жерін жарақаттап ала ма деп алаңдаймыз. Сұрықсыз саябақта түнге жақын тұрақты мекен-жайы жоқтар мен бұзақылар, мас адамдар көп жүреді. Мұндай алып бақты қылмыс орнына емес, лайықты демалыс орнына айналдыру керек», — дейді Фариза есімді келіншек.

Өткен жылы қарашада егілген талдар да ара-арасында құрап жатыр. «Талдарды отырғызған соң құратып қоймай, уақытымен баптап, сугарып отыру керек қой. Жасыл желекті қарай алмаса, неге отырғызды?»», — деп налиды саябаққа келушілер.

Оңтүстік астананың дамуына Мемлекет басшысының өзі үнемі ерекше көңіл аударады. Қала әкімі де тұрғындар үшін жайлы, қауіпсіз болуын қамтамасыз етіп, өмір сүру сапасын жоғарылатуын талап етеді. Сондықтан аудан әкімі шұғыл түрде саябақты назарға алып, қалпына келтіруі қажет-ақ.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ



Спорт алаңы қирап жатыр

Алматыда мердігерлердің жауапсыздығынан көбіне тұрғындар зардап шегеді. Осы ретте шаһар басшысы қазір қалада құрылыс жұмыстары қарқын алғанын, егер заңбұзушылықтар орын алса, мердігерлер жауапкершілікке тартылатынын қатаң ескертті. Дегенмен, мегаполисте жұмысына салғырт қарайтын компаниялар азаймай тұр.

Мәселен, Наурызбай ауданының «Қалқаман-2» шағын ауданындағы Н.Нұрмағанбетов көшесі №56 үйдің маңында орналасқан спорттық алаң қирап жатыр. Оның жанындағы қыста жасалған брусчаткалар ойылып, жерге кіріп кеткен. Орындықтар құлап, жарамсыз болып қалған. Мұндай сапасыз салынған дүниелер ауданның келісті келбетін бұзып, сырттан, әсіресе, өзге қаладан келетін қонақтарымызға жағымсыз көрініс қалдыратыны сөзсіз.

Қазіргі таңда көше тұрғындары аулаға абаттандыру жұмысын

жүргізген мердігерлердің жұмысына риза емес. Онымен қоса, компания спорт алаңын аяғына дейін жасамай, орта жолдан тастап кеткен екен. Яғни қыста жасаған жұмыс әлі бітпей тұр. Ол жерге адам көп келмейді деп ойлаған ба, мердігерлер өз жұмысын тіптен сапасыз жасаған. Дәнекерлеген темірлері сынып, қирап тұр. Осылайша қыста салынған дүние жазға жетпей бүлініп, сиқы кете бастады. Наурызбай ауданының әкімдігі аталмыш көшені абаттандыруды қандай мердігер жүргізген? Неге оны аяғына дейін бітірмей тастап кеткен? Бұл бассыздық қашанға дейін жалғасады? Мұндай жауапсыздыққа тосқауыл қолатын кез келді емес пе?!

Қашанда тәртіп пен бақылау жоқ жерде жұмысқа жүрдім-бардым қараушылық орын алады. Сондықтан аудан әкімдігі жасалған жұмыстың сапасына көңіл бөліп, бақылауға алса дұрыс-ақ болар еді. Орын алған олқылық дер кезінде қалпына келсе деген ұсынысымыз бар.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

«Құрамыс» тұрғындары ауызсусыз отыр

Алматының Наурызбай ауданына жаңадан қосылған «Құрамыс» шағынауданының халқы паразитке толы су ішіп отырмыз деп шағымданды. Елдімекенде ауызсу мәселесі расымен де проблемаға айналған.

«Евразия» телеарнасының хабарлауынша, аудан әкімдігі құбыр тарту жұмысын бастап, аяқтамай кеткен екен.

«Біздің көше осы аудандағы ең жақсы көше саналады. Өзіміз ақша жинап асфальт төсетіп, су тартқызып алғанбыз. Бүкіл инфрақұрылымды өзіміз тарттық. Қалаға қосылғаннан кейін өркениет келді: кәріз құбырын қосты, қаладан су келді. Біз алғашында қатты қуандық. Проблемаға 1,5 жыл

бойы шыдаммен қарадық. Алайда, билік проблеманы шешпейтін секілді», — дейді жергілікті тұрғын Екатерина Хишанло.

Оның айтуынша, қазір шағынауданда тек ағынды су бар. Бірақ оны филтрмен тазалаған күннің өзінде ішуге жарамсыз көрінеді. Сондықтан халық дүкеннен су сатып алып ішіп отыр. Мұнда кәріз жүйесі де күрделі проблемаға айналып келеді. Ол тартылғанымен, әлі қосылмаған. Десе де,

қырда тұратын тұрғындар оған өз еркімен қосылып алып, нәжістің бәрін төменге қарай ағызып жатыр. Лас су канализация шахтасына жиналып қалған. Халықтың мұңын тыңдаған жергілікті билік «ақша жинап, қалған жұмысты өздерің бітіріп алыңдар» деген көрінеді. Тұрғындар: «қазір құбырларды өз күшімізбен тартып жатырмыз», — дейді.

Ал әкімдіктегілер болса ауызсу мәселесін шешу үшін Қарғалы өзенінде филтрлеу станциясын салып жатқанын айтты. Су тарту жұмыстары тегін жүргізілгенімен, халық кәріз құбырына өз қаражатымен қосылуға тиіс екен.

ФОТОАЙҒАҚ

Саябақ па, базар ма?

Қаланың Орталық мәдени және демалыс саябағына сенбі-жексенбі демалысқа емес, базарға барғандай күй кешесін.

Саябақ іші жабайы саудадан аяқ алып жүргісіз. Сауда орындарынан сусын алайын десен, 3-4 есе қымбат бағамен сатып тұрады. Мұнда келгендер бір емес, бірнеше баламен келетіні белгілі. Әрқай-

сысына сұрағанын сатып әперуге тіпті қалтаң көтермейді. Демалуға емес, проблемалық орталыққа кіріп кеткендей болып, жүйкелеп қайта-сың. Кейбір сатушылардың тұрысы санитарлық талапқа сай емес. Арнайы қолғапсыз, бетпердесіз. Сонда бұларды қадағалайтын ешкім болмағаны ма?

С.ҚҰСАЙЫН.



АЛАТАУ АУДАНЫ



Көпір үстіндегі осы жолмен көлік те, адам да өтеді. Бірақ ешқандай да «Жаяу жүргінші» белгісі қойылмаған.

Автобус уақытылы жүріп, жарық берілсе екен

Алатау ауданының тұрғындары №115, №33 бағыт автобустары уақытылы, кесте бойынша жүрмейтініне шағымданады. Шаһардағы автобустардың жүру жиілігінің сақталмайтыны, қоғамдық көліктердің сол баяғы бей-берекетсіздігі тұрғындарды әбден мезі еткен көрінеді.

«Біз шеткері аймақта тұрғандықтан ба, дйттеген жерімізге жету үшін үйден 2 сағат бұрын шығамыз. Былтыр біз тұрып жатқан «Томирис» ықшамауданында жаңа аялдамалардың орны жасалды, бірақ әлі күнге дейін қолданысқа берілген-берілмегенін білмейміз. Аялдамаға барып автобус тоқтатсақ, бізді көзіне де ілмей өтіп кетеді», — дейді жергілікті тұрғындар.

Осының кесірінен ықшамаудан тұрғындарының біразы бала-шағасымен көрші ауданның аялдамасына баруға мәжбүр. Бұл ретте №115 және №33 бағыт автобустарын жарты сағат күтуге тура келетін көрінеді.

Айта берсе, ауданда шешілмеген мәселе көп. Былтыр ауданда бірқатар көшеге жарық орнатылған

болатын. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа созылмады. Жаздың алғашқы күндерінен бастап, көшедегі жарқыраған шамдар өшіп, тұрғындарға біршама ыңғайсыздық тудырған. Жарық болмағандықтан, ата-аналар баласын ойнауға жібергісі келмейді. «Біреу-міреу алып кетсе, тас қараңғыда көрмей қалармыз» деген үрей бар. «Жарық болғанда ойнап жүргендерін көзіміз көріп, аса қорықпас едік», — дейді тұрғындар. Сондай-ақ, «Томирис» ықшамауданының тұрғындары қалаға қатынау үшін ескі жолды жүріп өту кезінде бойларын қорқыныш билейтіндіктерін жеткізді. Олардың айтуынша, жолда жаяу жүргіншілер жолағы не белгісі жоқ. Бейнебақылау да орнатылмаған. Оны білетін көлік жүргізушілері жоғарғы жылдамдықпен жүріп, тұрғындарды қағып кетуден еш тайынбайды. Оған дәлел, осыдан 2 жыл бұрын шамасында 60-ты алқымдаған қарияны қағып, мүгедектік күйге түсірген көлік көмектеспек түглі, оқиға орнынан қашып кеткен. Осы тәрізді жол-көлік оқиғаларының салдарынан тұрғындардың бойын үрей билеп отыр.

Бетгі әзірлегендер Серік ЖҰМАБАЕВ, Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІ

МҰҚАҒАЛИ 6 ТІЛДЕ «СӨЙЛЕДІ»

Әсел
ДАҒЖАН

Қазақтың ақын ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына орай Түркияда «Қайтқанда соңғы тырналар» атты кітаптың тұсауы кесілді.

«Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының ұйытқы болуымен жарық көрген туындының таныстырылымы алдымен Кастамону қаласында өтті. Іс-шараға ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің, Алматы облысы әкімдігінің өкілдері,

өнерпаздар мен ақынның ұрпағы Жұлдыз Мақатаев арнайы келді.

Сондай-ақ, тұсаукесерге ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейінов, ҚР Түркиядағы елшісі Абзал Сапарбекұлы, Кастамону провинциясының губернаторы Авни Чакыр, Кастамону қаласының мэрі Рахми Галип Вадинлиоглы қатысып, сөз сөйледі», – делінген ТҮРКСОЙ ұйымы таратқан ақпаратта.

М.Мақатаевтың өлеңдер жинағы алты тілде жарық көріп отыр. Енді ақынның шығармаларын қырғыз, түрік, әзербайжан, өзбек, түрікмен және башқұрт тілдерінде оқуға болады. Аудармашылардың арасында Қырғызстанның танымал ақыны Қожоғелді Күлтегін мен түркиялық ақын Кенан Чарбоға бар.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, салтанатты іс-шарада сөз сөйлегендер күллі түркі әлеміне танымал қазақ ақынының өмірінен сыр шертіп, өлеңдерінен үзінді оқыды. Жалпы отырыс ұйымдастырылып, түркі дүниесінің ғалымдары Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын талқылады. Отырыста М.Мақатаев атындағы халықаралық қордың төрайымы Бақытгүл Айдарова Кастамону провинциясының губернаторы мен қала мэрін арнайы медальмен марапаттады. Ақынның 90 жылдығын атап өту рәсімі Анкара қаласында жалғасады.

КӨРМЕ



ТҮСТЕРДІҢ «ҚАҢАРЫМЕН» БАУРАҒАН

Стамбул қаласында бірнеше жылдан бері тұратын қазақстандық суретші Жанар Сәбденова өз жұмыстарын Алматыға әкелді. Автордың пандемияға байланысты құлдырау кезінде жасалған жұмыстарын ҚР Суретшілер одағының «Ұлар» галереясынан көруге болады.

– Өткен жылы Түркия, бүкіл әлем сияқты коронавирустық пандемияға ұшырады. Бізге де үйден тек жақын маңдағы дәріханаға немесе дүкенге шығуға ғана рұқсат берді. Ал суретші үшін кенеттен бас бостандығынан айырылу қорқынышты. Оның үстіне мен таза ауаны жақсы көремін. Табиғатты салу үшін сыртқа жиі шығатынымын. Мені Түркия маңайы таңдандырды. Алған әсерімді қағазға түсіріп келемін, – дейді қылқалам шебері.

Оның Стамбулға арналған «Мистика және кескіндеме» картиналар сериясы ерекше көңіл аудартады. Онда ол қаланың тарихы мен сәулетіне байланысты құпиялар мен жұмбақтарды бейнелейді.

Көрмеден пейзаждармен қатар, натюр-морттарды да көруге болады. Суретші Түркия елінде өткен жылы локдаун болған кезде натюрморт салуға ерекше қызыққан екен.

– Жанар Сәбденованың шығармашылығы мені, ең алдымен, түстердің «қаңарымен» және ерекше стилімен баурап алды. Сонымен қатар, қазір әлемде Жанар өте жақсы көретін экопейзаждар сәнді, – деді «Ұлар» галереясының директоры Юрий Маркович.

Көрме офлайн және онлайн форматта өтіп, маусым айының соңына дейін жалғасады.

А.НӨЛДІБЕКОВА.

ХОББИ

Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Дана Бектаева үшін кілемдердегі әр ою-өрнек түсінікті әрі ол оны оқи алады. Ол әртүрлі түстермен өрілген кілемдерге қарап, шебердің не айтқысы келгенін, қандай мағына бергісі келгенін түсінеді.

Дана қазақтың дәстүрлі кілеміне «үйдің әшекейі» деп емес, «мәдени дәстүрдің, халық аңыздары мен тарихының хабаршысы» деп қарайды. Оның коллекциясында әртүрлі уақыттағы қазақ шеберлерінің қолынан шыққан 500-ден астам кілем бар. Әрі ол еліміздегі ең ірі және маңызды топтамалардың бірі саналады. Жинақтың көркемдік, тарихи және этнографиялық маңызы ерекше. Кілемдер XIX-XX ғасырға жатады және ғасырлар бойы өзінің шығармашылық даралығын сақтаған халықтың баға жетпес шедевр болып табылады.

Шебер ою-өрнекке бала кезінен қызығады. Қайда жүрсе де көзі әрдайым оюлар мен геометриялық өрнектерге түсе береді екен. Кол-

ӘР КІЛЕМНІҢ АЙТАРЫ БАР

немесе ою-өрнек тілін түсінетін коллекционер қыз



Дана Бектаеваның коллекциясы жоғары мұражай деңгейіне сәйкес келеді және мұқият өнертану талдауы мен сарапшылардың объективті бағасын талап етеді. Жылдар өте келе оның құндылығы тек өседі, өйткені, ол сапа мен бірегейліктің жоғары талаптарына толық жауап береді. Сарапшылардың пікірінше, коллекция әлемнің кез келген мұражайында лайықты орын алуы мүмкін, бірақ коллекционер қыз қазақ халқының, салт-дәстүрінің қазынасы елде қалып, жас ұрпаққа қызмет еткенін қалайды.

Дананың коллекциясында кілемдерден басқа оюлармен әшекейленген ағаш бұйымдар, кестеленген кілемдер және халқымыздың қолданбалы өнерінің басқа да заттары бар.

– Кілемдер мен қолданбалы өнердің маңыздылығын танып үлгеру үшін уақытты кері қайтарса ғой, шіркін. Десе де, ол мүмкін емес. Бірақ ұлттық өнерді қымбат жәдігер ретінде жинау, зерттеу және сақтау біздің қолымызда. Сол кезде ғана біз өткенімізге орала аламыз, – дейді коллекционер.

лектордың айтуынша, оған әжесі қатты әсер еткен. Ол оны жақсы көріп, «Апаха» деп атаған. Әжесі ұлттық мәдениетке, өнер мен дәстүрге, құндылықтарға құрметпен қарайтын кісі болыпты.

– 5 жасымда ауылда тұрдым, кілем тоқуға өзім де қатыстым. Менің әжем кілем тоқитын, мен оған көмектесіп жүріп, әр тігісті, әр үлгіні танып-білуге тырысатынымын. Үлкен әжемнің жүннен жіп иіріп отырғаны жадымда қалған, – деп еске алады коллекционер.

Қазақтың тоқыма кілемі аз зерттелген. Десе де, ол сәндік-қолданбалы өнер саласындағы жаңалықтардың сарқылмас көзі. Бүгінде қазақ кілемдерін зерттеушілер де жоқ емес. Бірақ жыл сайын кілемдер саны азайып келеді. Бірнеше себептерге байланысты тоқуды кең көлемде жандандыру әлі мүмкін болмай отыр.

– Бүгінгі таңда ежелгі кілемдер аз сақталған. Жүз жылдық кілемдер өте сирек кездеседі, – деп мойындайды Дана.

Өзінің коллекциясын жинау үшін Дана кілем тоқудың нағыз жауһарларын іздеп Қызылорда, Атырау, Алматы облыстарының, Оңтүстік Қазақстанның ең шалғай ауылдарын аралап, жергілікті қолөнершілермен кездескен.

Оның коллекциясындағы ең «жас» кілемге – 40 жыл. Бірақ «кәрі» кілемдер көпшіліктің қызығушылығын тудырады, өйткені олар қолөнер дәстүрін жеткізеді және оларды заманауи көзқараспен толықтырады. Кілемдер арқылы халықтың бай шығармашылық әлеуетін, ою-өрнек пен түс арқылы өзінің ішкі әлемінің сұлулығын жеткізе алатындығын, айналадағы шындықты көркемдік формаларға аудару алатындығын бағалауға болады. Кілемдер практикалық, эстетикалық және салттық құндылықтардан басқа маңызды мазмұнға ие.

– Қазақ кілемдері әлемге әйгілі. Оларды бүкіл әлемнің коллекционерлері таниды, біледі. Бірақ олар туралы Қазақстанның өзінде аз біледі, – дейді өнерді бағалаушы.





ОБАЛ-САУАПТЫ ОЙЛАСАҚ...

қатқан нан мен тамақ қалдығын салатын арнайы жәшіктер қойылуға тиіс



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Біздің дүкенге баратын жолдың бойында қоқыс тастайтын орын бар. Сенбі, жексенбі күндері қоқыс толғанда ісі бүкіл ауланы алып кетеді. Сол маңнан көбінесе шашылып жатқан нандарды көреміз. Сонда да ол бізге ой сала бермейді. Жанынан өтіп, аяқты алшаң басып, дүкеннен жұмсақ нан сатып алып келеміз. Біле-білсек, қоқыста жатқан қатқан нанды да бір кездері сөйтіп аялап, ақшаға сатып алған едік.

Күні кеше бір қалта нан шашылып, жолдың бойында жатқанын көрдім. Аяқ астына түсіп жатса да, балаларды қоя беріңіз, олар обал-сауапты қайдан білсін, үлкендердің өзі мұрнын басып, айналып өтіп жатыр. Қарнын тойдырып, бойына қуат берген ас атасы бір еңкеюге лайық болмағаны ма сонда? Токтап, теріп алуға тура келді. Жинап алған соң қайда қоярмызды білмей тағы жүрдім. Өйткені, қоқыс тастайтын орында нан мен тамақ қалдықтарын қоятын орын жоқ. Бұрындары қоқысты ақтарып, тамақ іздеп жүргендерді көргенде мені осы сұрақ ойландырмаған екен. Мәселен, өзге елдердің көпшілігінде қоқысты бөлшектеп, реттеп тастайды. Тамақ қалдықтарын бір жәшікке, пластик пен целлофанды бір жәшікке деген секілді. Бізде де бар. Бірақ бізде дәл осы тамақ қалдықтарын, қатқан нан-панды



КЕРЕК ДЕРЕК

- *Еліміздің ішкі нарығында бөлшек сауда нүктелерінде ағымдағы жылдың мамыр айында жоғары сұрыпты ұнның бір келісі 248 теңгені құрады. Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 14,9 пайызға қымбат.*
- *Алматылықтар бір күнде 500 тоннаға жуық 1-сұрыпты нан-тоқаш өнімдерін тұтынады.*
- *Елімізде бір жылда бір адам шамамен 80 келідей нан өнімдерін жейді.*
- *Салмағы 50 келі келетін 1 қап ұннан шамамен 100–120 дана (нанның грамына байланысты) бөлше нан шығады.*

БАҒА, ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

«Қазір сәбізді тек құда күткенде ғана алатын болдық. Ал палауды сәбізсіз әзірлеуді үйреніп жатырмыз» деп жақында бір танысым күлдіртіп еді. Астары бар қалжың бәрімізді ойландырды. Бағаның шарықтауына наразы көпшіліктің жайын білу үшін біз базарлар мен дүкендерді аралап, қарапайым тұрғындармен және сатушылармен тілдесіп қайттық. Бағаны қымбатсынған халық картоп пен сәбізді бірнеше данадан ғана алуға көшкенін байқадық.



Айым
НҮРМАН

ЛАУРА, қала тұрғыны:

— Қаламыздың шағынмаркеттерінің бірінде банан — 548 теңге. Ал сәбіздің бағасы мұхит асып келетін жемістің құнынан асып тұр. Олар тағы жуылған, жуылмаған деп бөліп, бағаланады. Кеше ғана жуылмағанының өзін 553 теңгеге алдым. Тіпті, кейбір жерлерде 600 теңгеден екенін көріп, жағамды ұстадым. Етікке жарымай жүрген етікші сияқтымыз. Ұлан-ғайыр жеріміз бола тұра, қарапайым картоп пен сәбізден тапшылық көру деген ұят қой. Көкөніс пен жеміс-жидекке нағыз қарқ болатын мезгілде баға шарықтап, қолжетімсіз болып отыр.

ФАРХАД, сатушы:

— Саудамен айналысып жүргеніме 14 жыл болды. Бұрын-соңды мұндай жағдай болмаған. Тек шет елден келетін жеміс-жидек бағасы ғана маусымға қарай көтеріліп, кейін қайта түсетін. Ал картоп пен сәбіздің бағасы дәл қазіргідей аспандап, қымбатшылық болмаған. Бағаның күрт өсуі сатушыларға да, алушыларға да тиімсіз. Біз алатын сәбіздің көтерме бағасы 400–450 теңге болса, оны көлікке арту, жеткізу шығыны тағы бар. Өзімізге де бірдеңе қалсын деп, онсыз да азғантай ғана қосамыз.

ЭЛЬМИРА,
қала тұрғыны:

— Мен — 90 мың, күйеуім 120 мың теңге жалақыға күн көреміз. Баға тұрақталмаса, бар тапқанымыз тек азық-түлікке кететін түрі бар. Бір зейнетақыға қарап отырған егде жастағыларға тіпті қиын. Жұрт аурумен алысып жатқанда бағаның күрт өзгеруі қиын тиіп тұр.

Сәбіз бағасы аспандап тұр

Ішкі өндірісті дамытуға емес, импортқа көбірек сүйену осындай жағдайға әкелді. Расымен, киімнен бастап, азық-түлік өнімдеріне дейінгі тауарды шет елден таситынымыз ақиқат. Сондықтан өзімізде ішкі өндірісті дамытуға ден қойып, халықты ынталандыру қажет-ақ. Азық-түлік қана емес, құрылыс материалдары, жанармай, ет бағасында да өзгеріс бар. Ауыл шаруашылығы министрлігі өкілдерінің мәлімдеуінше, Қазақстанда картоп жеткілікті. 11 маусымдағы жағдай бойынша елімізде 70 мың тоннадан астам әлеуметтік маңызы бар азық-түлік қоры бар. Дегенмен, неге картоп бағасы қымбаттағанына халық алаңдаулы.

Бұл мәселені ҚР Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов еліміздегі өткен жылғы картоп экспортының артқанымен

түсіндірді. Дегенмен, базарда тек картоп қана қымбаттаған жоқ, барлық тауардың бағасы екі-үш есе көтеріліп кеткені баршамызға мәлім. Алдағы уақытта Қазақстанда сәбіз тапшылығы болуы мүмкін екенін де министрдің өзі айтты. Сауда министрінің Үкімет отырысындағы сөзіне құлақ түрсек, өткен жылы 360 мың тонна картоп экспортталып, рекордтық деңгейге жеткен.

Сәбіздің бағасына қарасақ, картоптан да қиын жағдай қалыптасып отыр. Ішкі өнімнің тапшылығын биылғы егін науқанының аз болуымен байланыстыруға болады. Өрі жауын-шашынның аз түсуі де әсер еткен. Ал ұлттық статистика бюросының мәліметінше, жыл басынан бері картоптың құны 48,6 пайызға өскен.

Сәбіз бағасы еліміздің басқа өңірлерінде тіпті 850 теңгеге дейін көтеріліп, аспандап тұр.



Тіске емес, түске кіріп жүрмесін



Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

Елімізде ет бағасы тағы қымбаттауы мүмкін. Сарапшылардың айтуынша, оған бірқатар фактор әсер етеді.

Ауылдарда мал азығы тапшы, шаруалардың шығыны шаш-етектен. Жанар-жағармай бағасы шарықтап кеткен, жұмысшылардың жалақысы тағы бар. Мұның барлығы түптеп келгенде, тұтынушы қалтасын қағады. Дерек көздеріне сүйенсек, елімізде 8 млн. ірі қара, 2 млн. жылқы және 20 млн. қой бар екен. Статистика жыл сайын 7 пайызға өсіп отырады. Мал көбейіп келеді дегенмен, базардағы баға ырыққа көнбей тұр.

Бүгінде шаһарда жылқы етінің 1 келісі — 2700 теңге, сиырдікі — 2200 теңге, ал қойдың еті — 2600 теңге. Тартылған еттің 1 келісі 2200 теңгеден басталады.

Осы ретте тұрғындар еттің бағасымен қоса, сатушылардың айласына да наразы. Өйткені, сатушылар етті келілеп сатқанда сүйекті етті көптеп салып жіберетін көрінеді. Сүйектің салмағы ауыр болғандықтан «1 келі» деп алған еттен таза жарты келі де ет шықпай

қалады екен. Сатушылар болса, етті сүйексіз сату үшін оның бағасының көтерілетінін айтуға. Өйткені, тек етті сатар болса, сүйек қалып қояды. Түптеп келгенде, сатушының етті сатып алған бағасы шықпай қалады екен. Сондықтан нарықта сүйексіз еттің бағасы бөлек болады. Мәселен, бүгінде таза еттің келісі 3000–3500 теңгені құрайды.

Көпшілік қонақ шақыру үшін кем дегенде 10–15 мың теңгеге ет алады екен. Жалпы, бір айда етке қалалықтар 20–50 мың теңге көлемінде қаражат жұмсайды. Екі мезгіл ыстық тамақ пісіретін көпбалалы отбасылар үшін ол да жетпей қалады. Сондықтан көпшілік көбінесе тауық етін тұтынуға көшкен. Бірақ оны да арзан деп айтуға келмейді. Тауықтың екі аяғының өзі 1000 теңгеден асып жығылады. Бұл тұста жұмыртқа бағасы да қалтаға қонымды болмай тұр. Бұрынғыдай «жұмыртқа қуырып жеп жүре беретін» күннің де ауылы алыстап барады.

Осы тұста қалалықтар бағаның тұрақтауын, ең қажетті заттар бағасының төмендегенін қалайды. Ал ең қажетті заттарға жататын ұн, қант, пісте майдың бағасы күн санап өсіп барады.



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА! ●

2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861, 50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202, 50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-14.

Жаз қызығы басталды



Рая
ЕСКЕНДІР

Жыл бойы кітап пен компьютерге телмірген балалар жазғы демалысты асыға күтері анық. Дәл қазір олар қызығы мол жазғы демалыстың әрбір күнін пайдалы етіп өткізуге тырысып жатыр. Балалар жазғы мектепте тек ойын ойнаумен шектеліп жатқан жоқ, бір сәт сабақ оқуға да көңіл бөледі.

Алатау ауданындағы №152 мектеп-гимназиясының жанынан ашылған «Балауса» жазғы сауықтыру лагері демалушы балақайларға ұмытылмастай қызықты сәттерді тарту етті. Лагерьдегі тәрбиелік-дамушылық, сауықтыру бағытындағы жұмыстарына мектеп-гимназия директоры Рима Сабыржанқызы басшылық етіп, оның жұмысын тәрбиешілер, музыка жетекшілері мен ағылшын тілі пәні мұғалімдері жүзеге асыруда. Лагерьдің жұмыс жоспарына сәйкес ән мен күй, би, шахмат үйірмелері, «Ағылшын тілін үйренеміз» атты ойын түріндегі сабақтар балалардың ой-

өрісінің кеңейіп, дамуына үлес қосып отыр.

Мектеп жанындағы жазғы лагерлер 7 мен 12 жас мөлшеріндегі балаларды қамтиды. Лагерьлер 9.00-ден түскі 12.00-ге дейін жұмыс жасайды. Балаларды қабылдап болған соң, барлығы таңғы жаттығу жасайды. Оқушыларға жоспар бойынша түрлі сабақ өткізіліп, мультфильмдер көрсетіледі. Өртүрлі ұлттық ойындар ойналады.

«Балауса» жазғы лагерінің басшысы С.Тәжібаеваның ұйымдастыруымен тәрбиешілер Н.Куанған, Ә.Илиясова, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Б.Талдыбай, ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Н.Рамадин, Д.Баймұқышева балалардың жазғы демалыстарының ойдағыдай өтуіне өз үлестерін қосуда. «Өрқашан күн сөнбесін!» тақырыбында асфальтта сурет салу, «Сәбидің күлкісі – әлемнің сыңғыры», «Бақытты балалық шақ», «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайысы, «Экспресс-тренинг», «Ұлттық ойындар», «Ертегілер елінде» сияқты өткізілген іс-шаралар жазғы демалыстың маңызын арттыра түсті.

Сондай-ақ, «Менің Отаным – Қазақстан» викторинасы, «Орамал тастау», «Ақсерек, көксерек», «Менің отбасым», «Достық деген не?», «Ерте, ерте, ертеде...», «Сенім клубы», «Жол жүру ережесі» сияқты танымдық шаралар оқушылардың қызығушылығын арттырып, көңілінен шықты.

Мектеп жанындағы жазғы лагерьде демалушы балақайлар қаламыздың көрікті жерлеріне, мәдени орындарына, ойын-сауық орталықтары мен хайуанаттар бағына, «Сарыарқа» кинотеатрына барды. Жауапты мекеме басшылығының айтуынша, лагерьдегі демалушы балалардың қауіпсіздігі басты назарда.



● ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

Алматы қ. ҚДБ ШЖК «№13 қалалық емхана» КМК Байқау кеңесі (әрі қарай – БК), басшының лауазымына 2021 ж. 29.06. бастап конкурс өткізеді. Ұйымның негізгі қызметі – медициналық қызмет көрсету.
Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:
Конкурсқа қатысушылар «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен маманданулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 ж. 21.12. №ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына сәйкес болуы тиіс.
Құжаттарды қабылдау мекенжайы: 050037, Алматы қ., Сейфуллин д., 97/32, гр13_almaty@mail.ru, тел.: 8 747 210 55 89.

Бостандық аудандық Ардагерлер кеңесі профессор, ауыл-шаруашылық ғылымының докторы
Мағжан Малғаждарұлы ИСИННІҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Almaty Aqparat» ЖШС әкімшілігі, «Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттері мен веб-редакцияларының ұжымдары әріптесіміз, «Вечерний Almaty» газетінің жобалық редакторы Гүлжазира Сайдахметоваға

ӘКЕСІНІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
292-74-14.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 292-74-14

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 292-74-59.

WEB-редакция жетекшісі –
Асқар ҚҰБАЙЖАНОВ,
тел.: 292-74-27.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 292-74-21.
e-mail: d_kuanyshe@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 292-74-62. e-mail:
dalemesh@vecher.kz



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде
тіркелген. Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов
көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ



Қазір мен Варшавада жұмыс істеймін, сондықтан Польша елінің пандемияны қалай бастан кешіргенін, вакцинация арқасында қалай жағдайдың жақсарғанын жақсы білемін. Индеттің күшейген тұсында күніне 30 000 жұқтыру жағдайы тіркеліп отырды, кейін жаппай вакциналаудан кейін оң өзгерістер орын ала бастады. Бүгінде ел ішінде күніне 200-300 жұқтыру тіркеледі. Вакцинациядан кейін жағдайдың оңалғаны айтпай-ақ түсінікті. Мұның барлығы екпе шараларының тиімділігін көрсетіп отыр.

Олег ЧЕРВИНСКИЙ,
Варшава сауда-өнеркәсіп
палатасының сарапшысы



ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ

Мен вакцина алдым, өйткені екпе коронавирус індетінен қорғанудың бірден-бір амалы. Бұл тек дүниетанымдық мәселе ғана емес, ақылды адамның ұстанымы. Қазір бүкіл әлем пандемияның бар екеніне көз жеткізіп, оның ауыртпалығын толық бастан кешірді. COVID-19 жұқтырғандар саны 3 млн.-нан асып отыр. Өкінішке орай, біздің елде де кейбір адамдардың өмірін сақтап қала алмадық. Ендігі ұжымдық иммунитет қалыптастыру – әрқайсымыздың міндетіміз.

Талғат ҚАЛИЕВ,
саясаткер, ҰҚСҚ мүшесі, «Қолданбалы
этносаяси зерттеулер институты»
ЖШС директоры



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Кофені қай уақытта ішу керек?

Дәрігер-диетолог Маргарита Королева кофені тамақтанар алдында немесе одан кейін бірден ішуге болмайтынын түсіндірді.

Таңғы асты кофемен ішу дұрыс емес екен. Себебі, ол ағзаға тамақпен бірге түсетін коректік заттардың сіңуіне кедергі келтіреді. Кофені тамақтанудан жарты сағат бұрын немесе тамақтанып болған соң бір сағаттан кейін ішкен дұрыс. Бұл жағдайда кофенің барлық пайдалы қасиеті жұмыс істейді, сонымен қатар организмдегі минералды тепе-теңдік бұзылмайды.

– Кофе темір, мырыш, магний



және кальций сияқты минералдардың сіңуіне кедергі келтіреді. Бұл минералдар әйелдер мен ерлердің денсаулығы үшін маңызды, – дейді диетолог.

Қай мамандық сұранысқа ие?

Ең сұранысқа ие мамандықтардың көшін телемедицина дәрігері бастап тұр. Пандемия кезінде оларға сұраныс 5 есе, ал терапевтер мен балалар дәрігерлеріне 10 есе артқан. Сонымен қатар, дрон

ұшқышы, киберқауіпсіздік маманы, 3D баспа инженері және виртуалды әлем дизайнері сұраныста. Бір қызығы, бұл әлем елдерінің бәрінде бірдей. Көпшілік оны пандемиямен байланыстырып отыр.

Миллиардерлер салықтан жалтарған

АҚШ-та миллиардерлер салықты қарапайым халықтан да аз төлейді екен.

Енді ел билігі елдегі ауқатты азаматтардың салық төлеуі туралы ақпараттың көпшілікке жария

болуына қатысты фактіні тергеуге алмақ. Мәселен, адамзатты Марсқа апармақ болып жүрген Маск 15 миллиард доллар табыс тауып, 500 миллиондай ғана салық аударған.

Ащы балмұздақ

Балмұздақтың отаны – Қытай. Жыл сайын әлем бойынша шамамен 15 млрд. литр балмұздақ желинеді екен. Бұл салыстырып айтсақ, 5 мың олимпиадалық жүзу бассейнін толтыруға жетеді. Ал оның дәмін көру үшін дегуастаторлар алтын қасықты пайдаланады. Өйткені, алтынның дәмі және иісі болмайтын көрінеді. Әр 3 секунд сайын әлемде бір балмұздақ сатылады. Оны ең көп жейтін халық – американдықтар. Оларда шілде Ұлттық балмұздақ айы

болып белгіленген, ал оның үшінші жексенбісі – Ұлттық балмұздақ күні. Бұл мерекені 1984 жылы президент Рональд Рейган бекіткен.

Әлемдегі ең қымбат балмұздақ Нью-Йорк мейрамханаларының бірінде ұсынылады. Алтын себілген балмұздақты жеу үшін ақшасын аямайтындыр көп. Ал Мексикада балмұздаққа ащы бұрыш сеуіп жейді.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ДӘРУГЕР



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазір айтқан нәрсені бірнеше минуттың ішінде ұмытып қалатын немесе қабылдап алған ақпаратты, ол тұрмақ айтатын сөзіңізді, жеке заттарыңызды кез келген жерге ұмытып кете беретін жағдайлар сіздің де басыңыздан жиі өтетін шығар. Жалпы, ұмытшақтық адам бойында қалай пайда болды? Арылудың жолы қайсы?

Ғалымдар ұмытшақтықтың бірнеше себебі барын айтады. Оның бастысы, адам ағзасындағы түрлі аурулар әсерінен есте сақтау қабілеті нашарлайды. Ақпаратты сақтайтын мидың жоғары бөлігі ғылым тілінде «гипокамп» деп аталады. Гипокампың жұмысы бәсеңдеген сайын адам ұмытшақ бола бастайды. Есте сақтау қабілетінің нашарлауы шаршаудан, ұйқы қанбауынан және дәрумен жетіспеушілігінен болуы мүмкін.

Есте сақтау қабілетін жақсарту туралы пайдалы кеңестер жетерлік. Десек те, ғалымдар есте сақтауды жақсартудың тағы бірнеше қарапайым жолдары бар екенін мәлімдеді. Есте сақтау қабілетіңізді жақсартып, ұмытшақ болмаймын десеңіз, біз ұсынған қағидаларды оқи отырыңыз.

– Сурет салу. Адам бос уақы-

МАМАН КЕҢЕСІ

Лунара ҚАБЫЛҚАНҚЫЗЫ,
невролог-дәрігер:

– Ұмытшақтық әртүрлі себептен болады. Егер уақытша алған күйзеліс немесе қайғыдан кейін пайда болса, ондай ұмытшақтық дерт деп саналмайды. Ал сіздің бойыңызда ұмытшақтық үнемі және ұзақ уақыттан бері келе жатса, онда дерт деп атауға болады. Дертті асқынбай тұрып алдын алу үшін бойыңызда ұмытшақтықтың күрделі белгілерін байқасаңыз бірден дәрігерге тексерілген абзал. Емін тек эндокринолог пен невролог дәрігер тағайындайды. Есте сақтау қабілетінің нашарлау себебін тауып емдеу керек. Дәрігердің кеңесіне жүгініп, одан кейін есте сақтауды жақсарту мақсатында – судоку, кроссворд шешіп, кітап оқып, өлең жаттау көмектеседі. Мидың нүктелері саусақ басында орналасқандықтан ұсақ заттарды қолдың ұшымен қозғалтып, жаттықтыру керек.



тында көбірек сурет салса, есте сақтау қабілеті жақсарады екен. Ғалымдардың айтуынша, суреттің сапасы мен мағынасы маңызды емес. Бастысы, сурет ойды тынықтырып, жан-жақты ойлауға көмектеседі.

– Көзге арналған әртүрлі жаттығулар жасау. Күнде таңертең 1 минут бойы көзіңізге жаттығу жасап тұрсаңыз, есте сақтау қабілеті 10 пайызға жақсарады. Сонымен қоса, бір сәт көзіңізді жұмып өткенді еске алсаңыз да пайдалы болады.

– Ой жаттығулары. Ұмытшақтықтан арылу үшін түрлі ой жат-

тығуларын жасап тұрған дұрыс. Әсіресе, сөзжұмбақтар, ойша санау, логикалық сұрақтарды шешу, өлең жаттау, шет тілдерін меңгеру – мидың жақсы жұмыс істеуіне арналған ең тиімді әдістер.

– Жаланаңа жүгіру. Ғалымдардың айтуы бойынша, жалаңаңа жүгірген адам аяғын жарақаттап алмас үшін айналасына үнемі барлай қарап жүгіреді. Мұндай сәтте мидың да қызметі екі есе жақсарады.

– Қағазға көбірек жазу. Бүгінде көбіміз пернетақтаны пайдаланып, қолмен жазу қалып барады. Десек те, үнемі пернетақтаны пайдаланды қойып, бір уақыт қолға қаламсап алып тұрған дұрыс. Себебі, қолмен жазу есте сақтау қабілетін арттырады.

– Ауыр заттарды көтеру. Міне, қызық! Тағы да ғалымдардың соңғы зерттеулеріндегідей, ауыр заттарды немесе кір тастарын көтеру ұмытшақтықтың алдын алып, есте сақтауды 20 пайызға жақсартады екен.

– Дұрыс тамақтану. Дәруменге бай, құнарлы тағамдар тұтыну. Әсіресе, В дәрумені бар банан, алма секілді жемістерді, кептірілген өрік пен мейізді, жаңғақтарды жиірек пайдаланған жөн. Піскен картоп пен сүзбе сынды сүт өнімдері есте сақтауды жақсартады.